

1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы Анталия аймағы Кемер болысында орналасқан меншікті Қазақстан Республикасына пайдалануға беру туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 11 қаңтардағы № 65-V Заңы

2012 жылғы 16 сәуірде Анкарада жасалған 1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы Анталия аймағы Кемер болысында орналасқан меншікті Қазақстан Республикасына пайдалануға беру туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы хаттама ратификациялансын.

Президенті

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев*

**1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы Анталия аймағы Кемер болысында орналасқан меншікті Қазақстан Республикасына пайдалануға беру туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы
Хаттама**

(2013 жылғы 14 қаңтарда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2013 ж., N 4, 40-құжат)

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы өзара қалыптасқан байланыстарды одан әрі дамыту, достық және бауырластықты одан әрі нығайту
м а қ с а т ы н д а ,

1993 жылғы 13 желтоқсанда қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы Анталия аймағы Кемер болысында орналасқан меншіктің Қазақстан Республикасына пайдалануға беру туралы хаттаманың (бұдан әрі - 1993 жылғы Хаттама) ережелеріне сүйене отырып,

1993 жылғы Хаттамамен бөлінуі шешілген жердің пайдалану негіздерін анықтау
Ү ш і н ,
төмендегілер бойынша ортақ көзқарасқа келді:

1-бап

1993 жылғы Хаттаманың 1-бабы мынадай редакциясында жазылсын:

«1-бап

Осы Хаттама Анталия аймағы Кемер болысы Бельдиби ауылы аумағындағы ауданы 67256 м² болатын ормандық жердің Қазақстан Республикасының пайдалануына берілуіне байланысты ережелерді қамтиды.».

2-бап

1993 жылғы Хаттаманың 2-бабы мынадай редакциямен ауыстырылды:

«2-бап

Қазақстан тарапына пайдалануға берілетін аталған жердің ауданы 22302 м² болатын бөлігі тек денсаулық сақтау және демалыс мақсаттарында пайдаланылады. Қазақстан Республикасы бұл мақсаттарға сәйкес болу шартымен пайдалануға берілген осы бөлікті Қазақстан Республикасының лауазымды адамдары мен мемлекеттік мекемелерінің қ о л д а н у ы н а ұ с ы н а д ы .

Жердің ауданы 44954 м² болатын өзге бөлігін 2010 жылғы 31 желтоқсанға дейін ақысыз және 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап туризм мақсатында пайдалануға болады. Аталған жердің 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап туризм мақсатында пайдаланылуына қатысты салық, алым және басқа міндетті төлемдердің төленуі Түркия Республикасының заңдарында және басқа тиісті заңнамасында көрсетілген негіздер ш е ң б е р і н д е і с к е а с ы р ы л а д ы .

Туризм мақсатында пайдалану үшін бөлінген ауданы 44954 м² болатын аталған бөлікті Қазақстан тарапынан үшінші тұлғаларға туризм мақсатында пайдалану үшін б е р у г е б о л а д ы .

Берілген аудан аумағы ішінде әртүрлі шығынның Қазақстан Республикасы тарапынан төленуі және Түркия Республикасы заңдарына және басқа тиісті заңнамасының ережелеріне сәйкес болуы шартымен келісілген жоба шеңберінде қ ұ р ы л ы с ж ү р г і з і л е д і .

Қазақстан тарапы туризм мақсатындағы сауда қызметінде пайдалану үшін бөлінген аудандарға байланысты 2001 жылғы 16 ақпан - 2010 жылғы 31 желтоқсан аралығында жиналған көгалдандыру құнын, орман шаруашылығы жұмыскерлерін қолдау түсімін, көгалдандыру және эрозия бақылау түсімін, жер рұқсат құнын, жалпы жылдық түсім үлесі мен салық, алым және басқа міндетті шығындарды төлеудің орнына түрік

тарапына мемлекеттік ғимараттар салу үшін Ақтау қаласында 7000 м² және Алматы қаласында 1500 - 2000 м² мөлшерінде екі учаскені 49 жылға бөледі. Бөлу рәсімдері осы Хаттаманың күшіне енуінен бастап бір жыл ішінде аяқталады.».

3-бап

3-бабы төртінші бөлігімен келесі сөйлем қосылсын:
«Мерзімі аяқталғанда беру дәл осы мерзімге жаңартылады.».

4-бап

1993 жылғы Хаттаманың осы Хаттамамен өзгертілмеген ережелері қолданыста қала береді.

5-бап

1993 жылғы Хаттаманың 6-бабы мынадай редакциямен ауыстырылды:

«6-бап

Бөлінген жердегі ғимараттар дипломатиялық мақсатта пайдаланылмаған жағдайда, 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді қолданбайды.».

6-бап

Осы Хаттама 1993 жылғы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады және тараптардың осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны туралы соңғы жазбаша хабарламасы дипломатиялық арналармен алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама 2012 жылғы 16 сәуірде Анкара қаласында қазақ және түрік тілдерінде әр екі мәтін де бірдей дәрежеде жарамды екі негізгі нұсқа ретінде жасалды және қол қойылды.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Түркия Республикасының

Үкіметі үшін

2012 жылғы 16 сәуірде Анкарада жасалған 1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы Анталия аймағы Кемер болысында орналасқан меншікті Қазақстан Республикасына пайдалануға беру туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы хаттаманың бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық құқық
департаментінің

Басқарма бастығы

Д. Есентаев

Осы арқылы бұл аударманың 2012 жылғы 16 сәуірде Анкарада жасалған 1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы Анталия аймағы Кемер болысында орналасқан меншікті Қазақстан Республикасына пайдалануға беру туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы хаттаманың мәтініне сәйкес келетіндігін куәландырамын.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Кадр жұмысын үйлестіру
және бақылау департаментінің

Басқарма бастығы

Б. Ахметжанова

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұдан әрі Хаттаманың түрік тіліндегі мәтіні берілген.